

Бұқар
Б-88

Елім-ай

БҰҚАР ЖЫРАУ

А.А.АБЫЛАУ,
АБЫЛАУ!



84к23
Б-88



БҰҚАР ЖЫРАУ


**АҚ. АБЫЛАС,
АБЫЛАС!**

Толғаулар

АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1993

ББК 84 Қаз 1-5
К 27

Сарашысы — *Есенбай Дүйсенбай*



Қалқаманұлы Бұқар.

К 27 Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993.— 96 б.

ISBN 5-610-01240-6

Бұқар бабамыздың мұрасы бұған дейін әр алуан ортақ жинақтарда жарияланып келгені мәлім. Кезінде сан түрлі себеппен кеткен қателерді айтпағанда, отаршылдықты сынаған ой толғауларының өзі «өңделіп-жөнделіп» берілді немесе мүлде санатқа алынбады.

Енді Алматы, Пекин нұсқаларын салғастыру арқылы әуелгі текісті қилы жаңылыс-жаңсақтықтардан арылтып, ұрпаққа асыл қалпында ұсынуға мүмкіндік туып отыр.

Сондай-ақ, бұл кітапқа ұлы ақынның бұрын жарық көрмеген жыр-толғаулары да енді.

ISBN 5-610-01240-6

ББК 84 Қаз 1-5

К $\frac{4702250102-10}{408(05)93}$ Құлақтандырусыз — 93

© «Жалын» баспасы, 1993

БАБАЛАР МҰРАСЫН БАЙЫПТАСАҚ (Баспагерден сөз)

*...Сыпыра жырау, Шортанбай —
Соққанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландар! —*

деп Шәкерім атамыз пір тұтқан ескі ақындар мұрасын ел игілігіне айналдыру мұратында тындырылған шаруа қыруар. Әріге бармай-ақ, қазақ әдебиетінің керегесін тұтастай үш ғасырға кеңейткен марғасқа ғалым Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны» атты тарихи зерттеунамасы (1964) мен «Алдаспаны» (1971) неге тұрады! Ерлікке барабар еңбек. Бұған профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің «Ақындар поэзиясы» (1982), «Ғұлым» баспасынан шыққан «XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» («Жазушы», 1989) секілді алуан жинақтарды және Бұқар бабамыздың «Ана тілі» газетінде (1990-жыл, 12-шілде) Пекин мұрағатынан табылған отыз алты толғауы Ақселеу Сейдімбековтің алғысөзімен жарияланғанын қоссақ, көңіл қоңылтақси қоймас.

Солай десек те, ендігі жерде ең көкейкесті мәселе — ескі дүниелерді салмақтап жатпай-ақ, ешбір салғастырусыз, әйтеуір жариялай беру емес, шалғай заманалар түсірген шаң-тозаңнан, қилы-қилы қисынсыз жаңылыс-жаңсақтықтардан тазартып, ұрпаққа асыл қалпында ұсыну ғой. Осы орайда ойланар гәп баршылық. Әсіресе, бабалар мұрасы тұрғысында байыпты те-

кіснамалық жұмыс байқалмайды. Бір ақынның белгілі бір шығармасының өзі құрама жинақтарда қырық құбылып жүреді. Кітап құрастырушының міндеті қолжазбалар қорындағыны көшіріп бере салумен бітпейтінін түсінер кез жетті. «Бұрыннан бардың уақыт озған сайын толыға, молыға түсетіні өз алдына, әуелгі текіске түзетулер жасалуы, әр түрлі себеппен кеткен қателерден арылуы заңды» (М. Мағауин. «Ғасырлар бедері»). Әттең, әдебиет үністеті тарапынан бұл төңіректе жүзеге аса қойған жүйелі түрдегі ғылыми зерделеу ісі тым жұтаң. Бұқар жыраудың бас-аяғы екі баспа табақтай азғана мұрасын текістемелік кемшіліктерден әлі күнге арылта алмау соған дәлел. Басқаны айтпағанда, есімінің өзі біресе «Бұқар» («Бес ғасыр жырлайды»), біресе «Бұхар» («Қазақ совет энциклопедиясы») деп екі түрлі жазылуын қалай ұғамыз? Бір тоқтамға келетін бәтуа қайда?!

Біздің қолжазба әзірлеушіміз баба ақынның толғауларындағы дүдәмал, күмәнді, ой жүйесімен сәйкеспейтін жекелеген сөздер мен тіркестерді, кейбір тұтас жолдарды басқа басылымдармен салғастыру арқылы тексеріп алмай, «XV—XVIII-ғасырлардағы қазақ поэзиясы» атты академиялық жинақтан көшіріп әкеле салғанға ұқсайды.

*Жомарттық қонаққа пайда, малға қас,
Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас.
Өтірік сөз о да пайда, иманға қас,
Өткір пышақ қолға пайда, қынға қас.*

Жалғыз шумақ нақылдағы жаңсақтық қаншама?! «Өтірік сөз о да пайда» емес, түптөркіні — «дауға пайда» екенін М. Мағауин аталмыш кітап туралы сынама-сында көз жеткізе бағамдаған еді. Құрастырушы құлақ аспағаны-ау. Біздіңше, ең соңғы «қынға қас» та қисынсыз. Кәдімгі қара сөзге көшірсек, «Өткір пышақ қынның

обалына қалады» деу миға сіңбейді. Ақынның айтпағы — «қынға» емес, «қанға қас». Яғни: «Өткір пышақ қанға қас!». Сонда «Малға—жанға—қанға» боп ұйқасымы да үйлесім табады.

Ал «Алла деген ар болмас» деп басталатын өсиет-нама барлық басылымда бар. Ойланайықшы, Бұқардай алла жолын тұтқан абыз адамның аузынан дін мұсылман заманда имандылықтан бездірердей уағыз шығуы ақылға қона қояр ма? Бақсақ, Пекин нұсқасында: «Алла жарылқаған зар болмас» екен. Сондықтан да ұлы жырау аталмыш туындының жалғасындай және бір толғамында: «Құдай тағалам өзі берер несіпті» демейтін бе еді?! Мәшһүр Жүсіпте солай екен деп, ешбір жобаға соқпайтын жолсыз жаңсақтықты қайталай бергеннен кімге пайда?! Текіснама дегеніңіз біреудің айтуынша хатқа түсірілген нұсқадан, қисынға келмесе де, айнымай тарта беру емес шығар? Жатқа жырлаушы жадынан жаңылысып кетуі, жазып алушының жаңсақ басуы, баспахана кінәсінен, баспа тарапынан, құрастырушы салғырттығынан қате жіберілуі әбден мүмкін ғой. Мұндайда өзара салғастыру, ақындық ерекшелік, ой жүйесі дегендерге ден қою, заманы үндес, рухы сарындас тұлғалар өнернамасына үңілу, өлең шумақтары, көріктеу әдісі, кейде тұтас толғамдар бір-бірімен араласып-құраласып жүре беретін жыраулық поэзия дәстүріне де сүйену ләзім.

Академиялық басылымға жүгінсек, Бұқарекен Абылайға былай дейді:

*Жиырма жасқа келгенде,
Оны да көрген жайым бар,
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің... (137-бет).*

Сонда Абылай анадан жиырма жасында туған болып шығады ғой... Ал Абылайға сөйлеп отырып, аяқ астынан Бөгенбайды сөге жөнелтін бес жолдық қаратпа

да («Бес ғасыр...», 91-бет) бұл толғауға қырық қайнаса сорпасы қосылмайды.

Немесе, адам баласының жас кезеңін таратып толғайтын шумақтарға назар аударыңыз:

*Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.*

(«Бес ғасыр жырлайды»)

*Балалық он жасыңыз
Балғын өскен құрақтай.
Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.*

(Пекин нұсқасы)

Соңғысы он жастан басталған. Басқа айырмашылық аз. Бірақ көңілге еріксіз күдік ұялайды: жарға ойнаған лаққа теңеу орда бұзар отыздың салмағын тым жеңілдетіп жібермей ме? Шал ақынның:

*Он бестегі жасым-ай
Жарға ойнаған лақтай...
...Отыз деген жасым-ай
Таудан аққан бұлақтай,—*

деген жолдары еске түседі. Егер ақындық болмыс-бітім, жырлау ерекшелігі, ой жүйесі іспетті қасиеттеріне тереңірек бойлай байыптасақ, Шалға телініп жүрген осы өлеңнен Бұқар рухы мен мұңдалап тұр-ау! Көп өзгешелік те көрінбейді.

«Бес ғасырда» қырық — «ерттеп қойған құр аттай», ал Пекин нұсқасында — «ерттеулі тұрған құр аттай».

«Ерттеп қойған» мен «ерттеулі тұрғанның» арасында мән-мағыналық едәуір айырма бар. Соңғысы салмақтылау. Енді «елуге» келейік: Мәшһүр Жүсіпте — «Ол да бір көшкен ел екен», Пекин нұсқасында — «Ол да бір үлкен бел екен». Әрі қарай алпыс: «Қайғылы, мұнды күн екен» («Бес ғасыр...»), «Қайғылы, мұнды шөл екен» (Пекин нұсқасы). Алғашқысынан гөрі кейінгісі қисындырақ. Бірақ алпысты қайғылы, мұнды күнге де, шөлге де баламалау Бұқар мәнері емес. Сондықтан тағы да Шал ақынға жүгінеміз:

*Алпыстағы жасыңыз
Күзгі соққан жел екен...
(Х. Сүйіншәлиев. «Ақындар поэзиясы»).*

Сонда:

*Елу деген жасыңыз.
Ол да бір үлкен бел екен.
Алпыс деген жасыңыз
Күзгі соққан жел екен.*

Байқасаңыз, Бұқар «Бес ғасырда» да, басқаларында да жетпіске тоқтамай, алпыстан кейін сексенді бірақ айтады. Осы олқының орнын «Ана тілі» газетіндегі жарияланым бойынша толықтырсақ:

*Жетпіс деген жасыңыз
Жетім қалған күн екен.
Сексен деген жасыңыз
Қараңғы тұман түн екен...*

Мұның көңілге қонымдылығы ешқандай талас туғызбаса керек. Айтпақшы «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» деп басталатын толғауда да 15 пен 95 жас арасындағы адам ғұмырының әр бес жыл сайынғы белестерін бейнелеп келе жатып, алпыс пен тоқсанды, ал Пекин

нұсқасында елу бесті тастап кетеді. Екі үлгіде де жаздырушы кісі жас шамасының орындарын шатыстырып алғаны айдан анық. Салғастырайық:

*Елу бес жасқа келгенде
Жақсы болсаң, толарсың,
Жаман болсаң, маужырап барып соларсың.
(Алматы нұсқасы)*

*Алпыс жасқа келгенде
Жақсы болсаң, толарсың,
Жаман болсаң, маужырап,
Жүнжіп барып соларсың.
(Пекин нұсқасы)*

Түпнегізге Мәшһүр Жүсіп жеткізген жолдар жақынырақ. Тек екі нұсқадағы елу мен алпыстың орындарын ауыстырса жарап жатыр.

Бұл жерде бірінші үзіндідегі «елу бестің» орнына «алпысты» қойған ақылға сиымды. Келесі кезен:

*Алпыс жасқа келгенде
Әрбір атқа қонарсың...
(«Бес ғасыр...»)*

*Алпыс беске келгенде
Әрбір атқа қонарсың...
(Пекин нұсқасы)*

Ең ізгісі — алпыс та, алпыс бес те емес, «Елу беске келгенде». Және, «әрбір» сөзі — жаңсақ, жаңылыс түскен. Бәлкім, жазып алушының кінәсінен шығар. Қалай болғанда да ой қисынымен орайласпайды. Біздіңше, егер жыраудың суырыпсалмалық мақамы мен үндес, әуендес тіркестерді түйдектете төгетін ақындық ерекшелігіне сүйенсек, онда ол сөздің орны — «әрбір» емес, «ел деп». Яғни, жөндемi мынау:

*Елу беске келгенде
Ел деп атқа қонарсың...
Алпыс жасқа келгенде
Жақсы болсаң, толарсың,
Жаман болсаң, маужырап барып соларсың.*

Бұдан әрі жетпіс жасқа дейін «Бес ғасырдағысы» жақсы. Рас, алпыс бес жас жайындағы шумақтарда бірлі-жарым түзету тілейтін тұстар кездеседі. Мысалы, «Әр нешік күнің» Пекин нұсқасы бойынша «Көрген күнің» боп өзгертілді. Сондай-ақ, осыған жалғас екі жолдың дұрысы — «Еңкейіп масақ терерсін, Тоңқайып орақ орарсың» (себебі, мұның алдындағы жас кезеңдері «толарсың—соларсың—қонарсың» іспетті ой тұжырымдарымен түйінделіп, ұйқасып келіп отырады. Бұл да, «терерге», «орарға» емес, «терерсін», «орарсың» болуы заңды). Ал жетпіс жайындағы толғамға тоқталсақ, «Бес ғасырдағы»:

*Жетпіс жасқа келгенде,
Жетпіс деген жел екен,
Шала ауырып пір екен,—*

көркемдік жағынан да, тіпті, қарапайым түсініктілік тұрғысынан да келіспей тұрғаны күмәнсіз. Пекин нұсқасынан:

*Жетпіс жасқа келгенде
Жаңылып сөзден қаларсың,—*

дегенді оқығанымызда жер астынан жеті қоян тапқандай қуанып қалдық.

*Жетпіс беске келгенде
Жылуы болмас қойынның,
Қауқары болмас сойылдың...*

Мұндағы бірінші жол Пекин нұсқасынан («Бес ғасыр...» жинағында отыз бес, қырық бес, елу бес, алпыс бес, жетпіс бес, сексен бес секілді сан есімдердің бәріне де «жасқа» сөзі тіркесіп келеді. «Ана тіліндегі» жарияланымда «...алпыс беске», «жетпіс беске»... Жөні де осы ғой). Екінші түзету: «Қаруы болмас» — Пекин нұсқасы бойынша «Қауқары болмас» деп өзгертілді. Үшіншіден, сөз етіп отырған шумаққа жалғас толғам «жойылдың—қойылдың» боп ұйқас құрап тұр. Олардың алдындағы сөздер «қойыныңның—сойылыңның» болған күнде жыр өлшемі бұзылып, әсер-қуаты әлсірей түседі. Ең дұрысы:

*Жетпіс беске келгенде
Жылуы болмас қойынның,
Қауқары болмас сойылдың,
Мүжіліп әбден тозарсың.
Сексен жасқа келгенде
Өлмесең де жойылдың,
Әр атаққа қойылдың,
Біреуге жүк боларсың.
Сексен бес деген жер екен,
Шындап ұрған пері екен.
Тоқсан жасқа келгенде...*

Жоғарыда қос нұсқада да жас шамасының орындары шатысып кеткенін айтқан едік. Соларды ойынға қарай тиісті жеріне орналастырдық. «Мүжіліп әбден тозарсың» («Ана тіліндегі» «боларсың» — қате), «Біреуге жүк боларсың» да жас кезеңдеріне сәйкес беріліп, Пекин нұсқасынан қосылып отыр. Ал Бұқарекеннің «Күмбір-күмбір кісінетіп, күренді мінген жиырма бес» сынды әйгілі толғауы әр басылымда әр түрлі басталады:

Атам болған жиырма бес.

(«Бес ғасыр...»)

Атам болған жиырма бес.

(«Ақындар поэзиясы»)

Егер Қалқаманұлы өмір сүрген қадым ғасырдан гөрі қазіргі дәуір өлеңшісінің қолтаңбасына бейімірек, әйтеуір, кім болса да көлденең көк атты біреу өз жанынан жапсырып жібергені анық көрінетін бастапқы қос шумақты ескермесек, Пекин нұсқасында бұл былай қиюласқан (екінші жолы Мәшһүр Жүсіп бойынша):

*Бура болған жиырма бес,
Қызықты күнде қыздырған,
Асау талқан бұздырған,
Арам болған жиырма бес.*

Абай сынайтын «бірі жамау, бірі құрау» дегеніңіз осындай-ақ болар. Сөз таныр кісі үш нұсқада да кемшілік кеткенін аңғара қояды. Біріншіден, «Асау талқан» емес, дұрысы — «Асау талқы». Шәкерімнің шежіресінде («Жұлдыз», 1-саны, 1991-жыл, 82-бет) илеген қалың теріні жұмсартатұғын айыр ағашты талқы дейтіні айтылады. Мысалы: «Құл алдында құрулы талқы деген...» Сосын, толғауда «жиырма бес» сөзі әрбір екінші жолдың соңынан келеді: «Қызды ауылды көргенде Бұландатқан жиырма бес, Қырдан қашқан түлкідей Сыландатқан жиырма бес...» Ендеше, Бұқар жырының әуелгі әуені «Атан болған» да, «Атам болған» да, «Арам болған» да, «Бура болған» да емес, абзалы — «Арандатқан жиырма бес», «Борандатқан жиырма бес» екен:

*Қызықты күнде қыздырған,
Арандатқан жиырма бес.
Асау талқы бұздырған,
Борандатқан жиырма бес...*

Қатенің уақ-түйегі жоқ. Қазтуғанда да, Ақтанбердіде де, тек бұлар ғана емес, жалпы халықтың жыр үлгісінде қашаннан: «Күлдір-күлдір кісінетіп, Күреңді мінген жиырма бес. Күрек тісін қасқайтып, Сұлуды сүйген

Мұндағы бірінші жол Пекин нұсқасынан («Бес ғасыр...» жинағында отыз бес, қырық бес, елу бес, алпыс бес, жетпіс бес, сексен бес секілді сан есімдердің бәріне де «жасқа» сөзі тіркесіп келеді. «Ана тіліндегі» жарияланымда «...алпыс беске», «жетпіс беске»... Жөні де осы ғой). Екінші түзету: «Қаруы болмас» — Пекин нұсқасы бойынша «Қауқары болмас» деп өзгертілді. Үшіншіден, сөз етіп отырған шумаққа жалғас толғам «жойылдың—қойылдың» боп ұйқас құрап тұр. Олардың алдындағы сөздер «қойыныңның—сойылыңның» болған күнде жыр өлшемі бұзылып, әсер-қуаты әлсірей түседі. Ең дұрысы:

*Жетпіс беске келгенде
Жылуы болмас қойыңның,
Қауқары болмас сойылдың,
Мүжіліп әбден тозарсың.
Сексен жасқа келгенде
Өлмесең де жойылдың,
Әр атаққа қойылдың,
Біреуге жүк боларсың.
Сексен бес деген жер екен,
Шындап ұрған пері екен.
Тоқсан жасқа келгенде...*

Жоғарыда қос нұсқада да жас шамасының орындары шатысып кеткенін айтқан едік. Соларды ойыңғайына қарай тиісті жеріне орналастырдық. «Мүжіліп әбден тозарсың» («Ана тіліндегі» «боларсың» — қате), «Біреуге жүк боларсың» да жас кезеңдеріне сәйкес беріліп, Пекин нұсқасынан қосылып отыр. Ал Бұқарекеннің «Күмбір-күмбір кісінетіп, күренді мінген жиырма бес» сынды әйгілі толғауы әр басылымда әр түрлі басталады:

Атам болған жиырма бес.

(«Бес ғасыр...»)

Атам болған жиырма бес.

(«Ақындар поэзиясы»)

Егер Қалқаманұлы өмір сүрген қадым ғасырдан гөрі қазіргі дәуір өлеңшісінің қолтаңбасына бейімірек, әйтеуір, кім болса да көлденең көк атты біреу өз жанынан жапсырып жібергені анық көрінетін бастапқы қос шумақты ескермесек, Пекин нұсқасында бұл былай қиюласқан (екінші жолы Мәшһүр Жүсіп бойынша):

*Бура болған жиырма бес,
Қызықты күнде қыздырған,
Асау талқан бұздырған,
Арам болған жиырма бес.*

Абай сынайтын «бірі жамау, бірі құрау» дегеніңіз осындай-ақ болар. Сөз таныр кісі үш нұсқада да кемшілік кеткенін аңғара қояды. Біріншіден, «Асау талқан» емес, дұрысы — «Асау талқы». Шәкерімнің шежіресінде («Жұлдыз», 1-саны, 1991-жыл, 82-бет) илеген қалың теріні жұмсартатұғын айыр ағашты талқы дейтіні айтылады. Мысалы: «Құл алдында құрулы талқы деген...» Сосын, толғауда «жиырма бес» сөзі әрбір екінші жолдың соңынан келеді: «Қызды ауылды көргенде Бұландатқан жиырма бес, Қырдан қашқан түлкідей Сыландатқан жиырма бес...» Ендеше, Бұқар жырының әуелгі әуені «Атан болған» да, «Атам болған» да, «Арам болған» да, «Бура болған» да емес, абзалы — «Арандатқан жиырма бес», «Борандатқан жиырма бес» екен:

*Қызықты күнде қыздырған,
Арандатқан жиырма бес.
Асау талқы бұздырған,
Борандатқан жиырма бес...*

Қатенің уақ-түйегі жоқ. Қазтуғанда да, Ақтанбердіде де, тек бұлар ғана емес, жалпы халықтың жыр үлгісінде қашаннан: «Күлдір-күлдір кісінетіп, Күреңді мінген жиырма бес. Күрек тісін қасқайтып, Сұлуды сүйген

жиырма бес!» Әрі, «күшқан» мен «сүйген» — екі басқа қимыл-әрекетке қатысты сөздер. «Күрек тісін қасқайтып» — «Сүйген» ұғымына жанасымдырақ. Оның үстіне, «Күреңді мінген» мен «Сұлуды сүйген» тіркестері өзара үн-дыбыс жағынан үйлесіп, ішкі ұйқас жасайды. Біз ұсынып отырған жинақта бұл ерекшелік те ескерілді.

*Кәрілік шіркін не қылмас:
Апта бойыңды баса алмай...
Арыстандай ақырған —
Бөденедей күш бар ма?!*

(«Бес ғасыр...»)

*Арыстандай ақыруға, —
Бәденімде күш бар ма?!*

(Академиялық басылым)

Міне, бұларды да Пекин нұсқасы бойынша түзеткен жөн. «Бәден» де, «бөдене» де емес, дұрысы — «Арыстандай айбарлы ем, Бұл күнде қуат, күш бар ма?!» «Апта бойыңды» емес, дұрысы — «Аяғыңды баса алмай».

«Құбылып тұрған бәйшешекте» де біраз қате кеткен. Мысалы:

Жақсы жігіт ұл туса...

Мұның дұрысы — «Жақсы әйел ұл туса» (Пекин нұсқасы). Осы толғаудың соңғы жолы негізгі басылымдардың бәрінде де — «Тоқтатайын сөзімді» болып жүр. Бір ғана жаңсақ сөздің өзі мұның алдында келетін «елдігі—белдігі—кемдігі» сияқты ұйқасты ойдан оқшау қалып, жыр түзілімін бұзып тұр. Сондықтан: «Өзің ұқ артын ендігі» деген (Пекин нұсқасы бойынша) көңілге қонымды емес пе?!

Сол сияқты: «Ауылда адам (?) бар болса, Ауыл ала болмайды», «Байдан қайыр кеткен соң, Мал да кетер (?) не пайда!», «Су сұраса бал беріп, Сыртты (?)

екен бәйбіше», «Бір шұғыл (?) пасық залымның» құрала-
лыптас түйткілді тіркестерді ешбір түзетусіз қашанғы
қайталап баса беруге болады?! Немесе:

*Ақтың үй мешіт-ті,
Ақты құдай шешіпті (?).
Арамзада төкпенің (?)
Уыз үйін кесіпті,—*

дегенді («Бес ғасыр...») қалай түсінеміз? Бұл Пекин
нұсқасында да оңып тұрған жоқ... Иә, егер әр алуан
басылымдарды байыпты салғастырып, ой-парасат пар-
қын пайымдай, біраз жан қинап жұмыс жасалса, жаңа-
дан табылған әлгі отыз алты толғаудан кейін Бұқар
жырау мұрасының текісін жөнге келтіруге жаңа мүм-
кіндік туғандай. Сөйтсек, жоғарыдағы қиғаш, түсініксіз
түйткілдердің түзігі — «Байға қайыр бітпесе, Малынан
келер не пайда?», «Әзәзіл, пасық, залымның» және бас-
қа... Тағы да айтамыз, қайсыбірін ой-парасат парқына
қарай пайымдау қиынға соқпайды.

«Күпшек санды күренді» жарындағы бір-ақ жолға
зер салып көрейікші:

Алғын, шығын арқалап...

(«Бес ғасыр...»)

Алғын шығын арқалап...

(Академиялық басылым)

Айырмашылығы жалғыз үтірде. Шынтуайтында ал-
ғыншы деп жау жағынан түскен олжаны айтса керек.
Абылдың бір өлеңінде: «Алғыншы алсаң аруды ал» де-
ген сөз бар. («Бес ғасыр...», 1-том, 170-бет). Бұқардың
айтып отырғаны да сол: «Алғыншысын алқалап («ар-
қалап» емес!), Бетіне бедер қамқа салдырған». Немесе:

*Ежелгі дос жау болмас,
Айтысқан оның серті бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінде тұтқыр кірі бар.*

(«Бес ғасыр...»)

Соңғы жолдың «Көңілінде тұтқыр керті бар» екенін білу үшін ғұлама ғалым болу шарт емес. «Керт» сөзін Дулаттан да, Шортанбайдан да кездестіресіз. Жібекті түте білмеген жүн етер. Соның бір көрінісі:

*Ел ішіне жау келсе,
Өтініп оны ала алмай...*

(«XV—XVIII-ғасырлардағы қазан поэзиясы», 120-бет)

*Төрде отырған қарт бабаң
Төресін жаңылар малдан соң...
...Қосыла қонбас малдан соң...
...Сілкіп төсек салмас малдан соң...
...Айдап жүрген малдан соң...*

(«Бес ғасыр...»)

Жауды өтініп-жалбарынып жеңген кімді көрдіңіз? Сөйте тұра, «ау, осының өзі томпақтау емес пе?» іспетті күдікті ойға күпті болу орнына, құрастырушылардың құрама жинақ сайын жалғыз қарпін өзгертпеген қалпында көшіріп баса беретіні қынжылтады. Ал екінші үзіндіге үңілсек, тұтас бір туындының ұйқасы бірыңғай «малмен» түйінделуі көңілге түйткіл салмай ма?..

Бұқар бабаның ғарыш заманындағы ақын қаламына оңайлықпен орала бермес «Ай нұрын ұстап мінсе деген сынды ғажайып бейнелі айшығы бар өлеңіне бала шағымыздан тәнтіміз. Әлемдік асыл сөз үлгісі осындай-ақ шығар!.. Сонда да байыптырақ бағамдап көрейікші:

Әлемді түгел көрсе де,
 Алтын үйге кірсе де,
 Аспанда жұлдыз аралап,
 Ай нұрын ұстап мінсе де,
 Қызыққа тоймас адамзат!
 Әлемді түгел білсе де,
 Қызығын қолмен бөлсе де,
 Қызықты күні қырындап,
 Қисынсыз күйге түссе де.
 Өмірге тоймас адамзат!
 Жақындап ажал тұрса да,
 Жанына қылыш ұрса да,
 Қалжырап көңілі қарайып,
 Қарауытып көзі тұрса да,
 Үмітін жоймас адамзат!

(«Ақындар поэзиясы»)

Өзі он бес-ақ жол. «Қызық» деген сөз үш дүркін қайталаанады. Және, «көрсе де — кірсе де»; «білсе де — бөлсе де — түссе де»; «тұрса да... — тұрса да» сияқты ұйқас үйлесімсіздігін байқайсыз. Сондай-ақ, ой жүйесіне ден қойған оқушы «Өмірге тоймас» пен «Үмітін жоймас» екеуінің орындары ауысып кеткенін аңғарады.

Алматы, Пекин нұсқаларын қатар алып қарастырайық:

1. Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де.
2. Қайғылы күні қабарып,
Қазалы күйге түссе де.
1. Жақындап ажал тұрса да,
2. Жақындап ажал төнсе де.

Сірә, «Қисынсыз күйге түсті», «Қазалы күйге түсті» деп баяғының Бұқардай сұңғыла биі түгіл, қазіргі шала қазағың да сөз сабақтамайтынына сенімдіміз. Түп-

негізге Пекин нұсқасының түтіні түзулеу. Сонда алғашқы екінші үзіндіге енгізілер түзету: «Қайғылы» емес,— «қапалы», «қазалы» емес,— «қайғының», «Күйге» емес,— «түні», «түссе де» емес,— төнсе де», яғни: «Қапалы күні қабарып, Қайғының түні төнсе де». Ал анау «Қызығын қолмен бөлсе де» дегеннің түпнұсқасын пайымдау қиын емес. Ой-парасат парқына сүйенбек керек. Олжаны қолмен бөлер, қызықты көзбен көрер. Ендеше, дұрысы — «Қызығын көзбен көрсе де». Бұл шумақ тұтастай былай болады:

*Ілімді * түгел білсе де,
Қызығын көзбен көрсе де,
Қапалы күні қабарып,
Қайғының түні төнсе де,
Үмітін жоймас адамзат!*

Соңғы шумақта: «Жақындап ажал тұрса да..., Қарауытып көзі тұрса да» боп, ұйқасқа түсетін сөздер орнына қос «тұрса да» қатарласып қона қалуы мүмкін емес. Екінші сыңары — «Қара бір көзін жұмса да» екендігі еш күмәнсіз. Сонда бұл шумақ та салмақтана түседі:

*Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап көңіл қарайып,
Қара бір көзін жұмса да,
Өмірге тоймас адамзат!*

Енді бірінші шумақ турасында. Әдетте, ескі әдебиеттегі ертегілер мен ғашықтық жырларда аңыз кейіпкерлер ай десе аузы, күн десе көзі бар хор қыздарымен көңіл қосып, сауық-сайранды армансыз өмір кешіп жа-

* «Бес ғасыр...» бойынша.

тады ғой. Көне назымдық көрнекті өкілдерінің қай-қайсысында да бұл әуен өзекті тақырып. «Күрек тісін қасқайтып, Сұлуды сүйген жиырма бес» деп аңсай еске алады төқсан бестегі Бұқар. «Елден елді аралап, Тектіден текті саралап, Беглердің қызын айттырсам!» деп армандайды Ақтанберді. «Алғаным ару болмаса, Алдыма алып сүймен-ді» дейді Шалкиіз. «Ақ шымылдық ішінде, Ару сүйдім, өкінбен!» дейді Доспанбет жырау. Ол заман қазағының болмысына «Әлемді түгел көрсе де» дегеннен гөрі «Аруды тандап сүйсе де» жақынырақ. Және, «Алтын үйге» емес*, абзалы — «Алтынды үйге». Екіншіден, «Қызыққа тоймас...» емес, қисындысы — «Арманын қоймас адамзат!». Сонда әр шумақ ақыры: «Арманын қоймас адамзат — Үмітін жоймас адамзат — Өмірге тоймас адамзат» деген түйдекті ойлармен түйінделіп, жыр құрылысы жаңаша түзілім жасайды. Шынында да бұл Бұқар өнернамасында өзіндік жаңалығы бар өлең.

Жалпы, жаңылыс-жаңсақ басу Бұқар мұрасы жарияланған әр алуан жинақтарда әжептәуір. Тіпті:

*Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң болар.
Қара көзден нұр тайса,—*

тәрізді жорғасы төгіліп тұрған жолдарды бұра тартып, «қара көзденді» — «есіл көзден» («Бес ғасыр...») деу (текісте солай жазылса да!) қиянат екенін жыраулық назым дәстүрінен хабары бар кез келген сауатты қазақ баласы бес саусақтай біледі. Ал Пекин нұсқасындағы сын көтермейді: «Мінген атың арыса, Көз көрім жер мұң болар...» Бұлай сөз саптау Бұқар бабаның ақындық рухына мүлде жат. «Көкте бұлт сөгілсе», «Арту, арту бел келсе», «Айналасын жер тұтқан» секілді толғауларының өзі-ақ ұлы жыраудың үн-дыбыс үйлесіміне ерекше ден қойғанын танытады.

* «Бес ғасыр...» бойынша.

*Өзі сары, көзі көк,
Діндәрінің аты-поп.
Әулиедей көрінер,
Орыстар келер ғалым боп.
Поптары болар сазандай,
Кітабы болар қазандай,—*

тектеc отаршылдыққа қарсы текіс көменестік уағыз үстем кезде өңін айналдыра «өңделіп» жіберілгеніне Пекин нұсқасын оқу үстінде көз жеткізесіз. Соның бір көрінісі — «Он екі айда жаз келер» атты дүние:

*Ноғайларды ғалым деп,
Әулиеден көрерсің.
Ноғайлардың бойлары болар сазандай,
Сәлдесі болар қазандай...*

(«Бес ғасыр...»)

«Орыс», «поп» атаулының бәрін өзімізбен бір туысқан ноғайларға аударып салыпты. Және, жариялылық заманында...

Қысқасы, қолдарыңыздағы кітап бұрынғы басылымдардың көшірмесі емес. Текіснамалық тұрғыда біраз жан қинап жұмыс жасап, бабалар мұрасын кезінде әр түрлі себепті кеткен қателерден тазарту мұратындағы жақсы ниетімізді танытар. Және қазақ жыры қарқарасының бұрын қалың жұртшылыққа беймәлім, қалтарыста қалып келген қазынасымен қауышу сәті де енді түсіп отыр. Ештен кеш жақсы...

Есенбай ДҮЙСЕНБАЙ

* * *

Бірінші тілек тілеңіз:
Бір аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз:
Әзәзіл, пасық *, залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз:
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз:
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз:
Бес уақытқы бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз:
Алты канат ** ақ орда,
Ардақтаған аяулың
Күнінде ертең *** біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз:
Сегіз қиыр шартарап

* Пекин нұсқасы бойынша («Ана тілі», 12-шілде, 1990-жыл).

** Бұл да сонда.

*** Бұл да сонда.

Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз:
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз:
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Даусы қудай саңқыған,
Назыменен күлдірген,
Қылығымен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

* * *

Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң?
Құбылып тұрған бәйшешек
Қурай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон.
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай
Мортық болар бұлген соң.
Төрде отырған қарт бабаң
Төресін жаңылар алған соң.
Төркіндеген бикешің

Тіркеусіз о да қайтар малдан соң.
Доңғалақ арба жүре алмас
Екі арысы сынған соң.
Жігіт жақсы бола алмас
Алғаны жаман болған соң.
Қос, қос орда, қос орда,
Қосыла қонбас жаудан соң.
Қоспақ өркеш сары атан
Қом жасамас майдан соң.
Төсі аршынды сұлудың *
Күйі белгілі байдан соң.
Байдың ұлы көрпелдес,
Шұбалаңқы таратады
Айдап жүрген малдан соң.
Үлдемен басын ораған,
Тарақпен шашын тараған,
Қиғаштап қырын қараған,
Езуін ашып күлгенде
Күрек тісі қасқиған,
Бұрала басып бұлғақтап,
Қынай белін буынған,
Не болар ол жардан соң?!

* * *

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз.
Жарлыны жарлы деменіз:
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз.

* Өлеңнің соңғы он екі жолы Пекин нұсқасы бойынша («Ана тілі», 12-шілде, 1990-жыл) беріліп отыр.